

## ҚР Ұлттық Банкінің Атырау филиалы БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ 2024 жылғы 7 маусым



### Тыңдау туралы хабарландыру

«Қалалық құрылыс бөлімі» ММ 2024 жылғы 27 маусым мен 4 шілде аралығында «Атырау қаласы Талғайраң кентінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу, жер учаскесі» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. 62 га (магистральдық желіден, учаскелік инженерлік желілерден, абаттандыру және көгалдандырудан). Жылумен жабдықтау желілері. Реттеу». Бұл жұмыс жобаларымен <https://ecorportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Павлодарэнергопроект» ЖШС.

### Облыстың қаржы нарығының 2024 жылғы І мамырдағы жағдайы

**Облыстың банк секторы.** 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) 14 филиалы, 48 бөлімшесі, 61 айырбастау пунктті жұмыс істеді.

**Облыстың несие нарығы.** 2024 жылғы қаңтар-сәуірде облыстың ЕДБ филиалдарымен 280,8 млрд. теңге сомасына несие берілді, бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 26,6%-ға көп. Заңды тұлғаларға несие беру 24,9%-ға 79,6 млрд. теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға – 27,3%-ға 201,2 млрд. теңгеге дейін.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде азаматтарға тұтыну мақсаттарына 151,3 млрд. теңге берілді, бұл 2023 жылғы қаңтар-сәуірдегі көрсеткіштен 31,1%-ға жоғары.

2024 жылғы 1 мамырдағы облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелер бойынша берешектер 801,7 млрд. теңгені құрады. 2023 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 22,0%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешектері 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,2%-ға көбейді және 674,1 млрд. теңгені құрады, заңды тұлғалардікі – 7,2%-ға өсті және 127,6 млрд. теңге болды.

2024 жылғы 1 мамырдағы тұрғындарға тұтыну мақсаттарына берген несиелер бойынша берешектер 415,8 млрд. теңгені құрады, 2023

жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 30,7%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 61,7%-ды құрайды.

2024 жылғы 1 мамырдағы несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 2023 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 41,4%-ға азайды және 21,8 млрд. теңгені құрады. Жалпы көлемдегі заңды тұлғалардың мерзімі өткен берешектерінің үлесі 23,8%-ды құрады, жеке тұлғалардікі – 76,2%.

**Облыстың депозит нарығы.** 2024 жылғы 1 мамырдағы ЕДБ филиалдарындағы салымдар 2023 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда 18,3%-ға көбейді және 705,6 млрд. теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиттері 21,9%-ға өсті, заңды тұлғалардікі – 12,0%-ға.

2024 жылғы 1 мамырдағы ұлттық валютадағы салымдардың үлесі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 65,7%-дан 76,0%-ға өсті, ал шетел валютасымен – 34,3%-дан 24,0%-ға кеміді.

**Облыстың валюта нарығы.** 2024 жылғы мамырдағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын облыстың 84 айырбастау пунктті жүзеге асырды, олардың 61– уәкілетті банктердікі, 12 – «Қазпошта» АҚ филиалының және 11– уәкілетті ұйымдардікі.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 22,2 млн. АҚШ доллары сатып алынды, бұл 2023 жылдың көрсеткішінен 31,6%-ға төмен. Сонымен қатар 1,4 млн. еуро (10,2%-ға азайды), 623,7 млн. ресей рублі (13,0%-ға кеміді) сатып алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен 2024 жылғы қаңтар-сәуірде халыққа 107,9 млн. АҚШ доллары сатылды, 2023 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 4,8%-ға өскен. Бұдан басқа халыққа 4,5млн. еуро (19,1% азайды), 739,3 млн. ресей рублі (16,5%-ға азайды) сатылды.

**Төлем карточкаларын пайдалану.** 2024 жылғы 1 мамырдағы айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 753,8 мың бірлікті құрады. Облыста 616 банкомат, 40 377 POS-терминал жұмыс жасайды.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша 1 172,6 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 11,9%-ға кеміді) 115,2 млн. транзакция (өсім 12,5%) жасалды.

2024 жылғы қаңтар-сәуірде карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 246,7 млрд. теңге сомасына (2023 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 0,2%-ға көбейді) 2,6 млн. транзакция (3,6%-ға кеміді) жасалды.

#### Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 маусымдағы №1328 қаулысы

Ақылбек Женисович Ароновқа берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын бастапқы алып және Атырау қаласы мен ауылдық округтерде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың қажеттілігін анықтау жөніндегі комиссиясының 2024 жылғы 13 мамырдағы №19 хаттамасы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Зарослый» тұрғын үй алабының құрылысын салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Ақылбек Женисович Ароновқа (840503302114) шаруа қожалығын жүргізу үшін берілген Атырау қаласы, Атырау ауылдық округі, Атырау-Дамбы тас жолы бойында орналасқан (04-066-067-005) көлемі 3,0 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.
- Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, №5 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына хабарласу ұсынылсын.
- «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі

Ш.Кейкин

#### Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 маусымдағы №1330 қаулысы

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын бастапқы алып және Атырау қаласы мен ауылдық округтерде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың қажеттілігін анықтау жөніндегі комиссиясының 2024 жылғы 13 мамырдағы №16 хаттамасы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Балабақша, балалар ойын алаңы құрылысын салу және абаттандыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Атырау қаласы, Өркен-2 шағын ауданы аумағында орналасқан қосымшаға сай (2 жер учаскесі) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.
- Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, №5 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына хабарласу ұсынылсын.
- «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі

Ш.Кейкин

Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «18» маусымдағы №1330 қаулысына қосымша

Балабақша құрылысын салу, балалар ойын алаңы және абаттандыру жоспарлануына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

№	Меншік иесі	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі	Кадастрлық нөмірі
1	Нысанова Нургуль Ивановна, Маханов Серик Умергалиевич	Өркен-2 тұрғын үй алабы, №34 көше, №32А құрылыс	үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,5535	04-066-048-2521
2	Нысанова Нургуль Ивановна, Маханов Серик Умергалиевич	Өркен-2 тұрғын үй алабы, №38 көше, №50А құрылыс	үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін	0,5678	04-066-048-2520

Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімінің басшысы

Ж.Жумағалиев

Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «18» маусымдағы №1331 қаулысына қосымша

Атырау қаласының Хиуаз Доспанова халықаралық әуежайына жаңадан терминал құрылысын салу жоспарлануына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

№	Меншік иесі	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі	Кадастрлық нөмірі
1	«Captian catering services» ЖШС	Әбілқайыр хан даңғылы, №2Г үй	Қоймажай және борттық тағамдандыру цехы құрылысы үшін	0,4775	04-066-001-017
2	«Нафил» ЖШС	Әбілқайыр хан даңғылы бойы	профилактория үшін	0,3631	04-066-001-2726
3	«Промстроймеханизация» ЖШС	Бейбарис даңғылы, №534 құрылыс	Қонақ үй кешені үшін	1,1550	04-066-001-166

Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімінің басшысы

Ж.Жумағалиев

#### Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 18 маусымдағы №1332 қаулысы

Бағитжан Қайранович Борашовқа берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын бастапқы алып және Атырау қаласы мен ауылдық округтерде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың қажеттілігін анықтау жөніндегі комиссиясының 2024 жылғы 13 мамырдағы №17 хаттамасы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Автокөлік жолы және инженерлік-инфрақұрылым жүргізу (су құбыры) жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Бағитжан Қайранович Борашовқа (760113301218) жеке тұрғын үй құрылысын салу және пайдалану үшін берілген Атырау қаласы, Қайыршақты ауылдық округі, Ақжар ауылы, Жастар көшесі, №2-А үй мекен-жайында орналасқан (04-066-041-1496) көлемі 0,0480 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.
- Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, №5 үй мекен-жайы бойынша орналасқан «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына хабарласу ұсынылсын.
- «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі

Ш.Кейкин

«Таза Су» ЖШС-гі 27.06.2024 және 04.07.2024 аралығында Бірыңғай экологиялық порталда ([ecorportal.kz](https://ecorportal.kz/)) қоғамдық тыңдаулар үшін «Жылыоймұнайгаз» ҰГТУ жерлерін рекультивациялау және қалпына келтіру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде өтетінін хабарлайды.  
Бастамашы: «Таза Су» ЖШС, БСН 030640000743, электрондық поштасы: [taza-su@mail.ru](mailto:taza-su@mail.ru), телефон: 87273730752.  
Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.